

“ҮЗДІК КІТАПХАНА”

Авторлар: спецбіб

02.02.2024 12:14 - Жанартылған 02.02.2024 12:25

Қаламыздағы Арнайы кітапхана жұмыс жүргізу тәжірибесі, оқырмандарға ұсынатын қызмет сапасы бойынша «Рухани қазына - 23» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлеріне арналған фестивальдің «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана» номинациясының жеңімпазы атанды.

Ұлттық бірегейлікті, мәдени мұраны және рухани құндылықтарды сақтауға және дамытуға негізделген жұмыстары арқасында қазылар алқасы мен аудиторияның ыстық ықыласына бөленіп, жүзден жүздік шапты.

Кітапхана “Инклюзивті кітапхана: қолжетімділік, даму, өзара әрекеттесу” жобасын ұсынып, онда қору қабілеті шектеулі адамдармен жұмыс тәжірибесі, серіктестер мен еріктілер, инновациялық әдістер мен технологиялар, мәдени және білім беру іс-шаралар, жетістіктер мен жоспарларымен бөліскен болатын.

Болашақта кітапханалық қызмет көрсетуде және ақпараттың қолжетімділігінде, қору қабілеті шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеу, инклюзия саласында одан да үлкен нәтижелер көрсетуді жоспарлап отыр.

Арнайы кітапхана - бұл рухани қазына ордасы! Қаламыздың, еліміздің және халқымыздың рухани байлығы деп санаймыз!



“ҮЗДІК КІТАПХАНА”

Авторлар: specbib

02.02.2024 12:14 - Жанартылган 02.02.2024 12:25

